

Субсидиялауға жататын элиталық тұқым мен көшеттердің квотасын және шекті бағаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 325 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қазанда № 2838 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 1 шілдедегі № 194 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 01.07.2015 № 194 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және «Тұқым шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 304 қаулысына және «2014 жылға арналған әрбір бірегей тұқым өндіруші үшін жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу және отырғызылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелері аналықтарының аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсету алқабы, 2014 жылға арналған тұқымның әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген сорттардың элиталық тұқымның нарықтық құны бойынша сатып алынған көлемі үшін квоталар, 2014 жылға арналған әрбір облыс үшін Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат берілген жүгерінің, күнбағыстың, күріштің, кант қызылшасының, мақтаның элиталық тұқымдарының және көшеттер сорттарының арзандатылған құны бойынша отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған көлемі үшін квоталар бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 4/388, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9704 тіркелген бұйрығына және комиссияның 2014 жылғы 5 қыркүйектегі №1 хаттамасының негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес әрбір элиталық тұқымның түрі бойынша әрбір тұқым шаруашылығына және тұқым тұтынушысы үшін квоталар;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес элиталық тұқымның және

көшеттердің әрбір түрі бойынша әрбір элиталық тұқым шаруашылығы үшін
к в о т а л а р ;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын элиталық тұқым мен көшеттердің шекті сатылу бағасы белгіленсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 182 «Квоталар белгілеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2340 нөмірімен тіркелген, 2013 жылы 26 шілдеде «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте :

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде» ресми жариялануын ;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б.С.Оспановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с ә к і м і
Б . О с п а н о в
 Б . С а д ы р
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
 С . Т ұ я қ б а е в А.Мырзахметов
 Ә . Б е к т а е в
 А . А б д у л л а е в
 С . Қ а н ы б е к о в

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы «9»
қазандағы № 325 қаулысына
1-қосымша

Әрбір элиталық тұқымның түрі бойынша әрбір тұқым шаруашылығына және тұқым тұтынушысы үшін квоталар

Р/С №	Тұқым шаруашылығы және тұқым тұтынушы атауы	Дақыл түрі (тонна)
-------	---------------------------------------------	---------------------

	Қала, аудан атауы		бидай	макса ры
1	Арыс	«Монтайтас-астық» өндірістік кооперативі	15	
2	Бәйдібек	«Ел-Нұр-Г» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	4
3		«Атамекен-Сарқырама» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	
4		«Түйетас» өндірістік кооперативі	20	
5	Қазығұрт	«Сапа-2002» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	20
6		«Береке-17» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5	6
7		«Оңласын-ата» өндірістік кооперативі		3,6
8		«Омар» шаруа қожалығы		1,4
9		«Ынтымақ-2004» өндірістік кооперативі	5	
10		«Үш бастау» өндірістік кооперативі	5	
11		«Байтугел» өндірістік кооперативі	5	
12		«Айкожа» өндірістік кооперативі	10	
13		«Аманкелді» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	
14	Ордабасы	«Шубар» өндірістік кооперативі	30	
15		«Әділет-Шоқай» өндірістік кооперативі	10	
16		«Ақ-Нұр» өндірістік кооперативі	100	
17		«Ынтымақ» өндірістік кооперативі	100	
18		«Бақ-Нұр-Айт-Жан» шаруа қожалығы	30	
19		«Көлбай» өндірістік кооперативі	40	
20		«Қуатбекова Мейрамгуль Муратовна» жеке кәсіпкер	10	
21	Сайрам	«R.S.Агро-Групп Холдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		6
22		«Нұр-Көл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		20
23	Сарыағаш	«Жабай- ата» өндірістік кооперативі	10	
24		«Зайнил» шаруа қожалығы	10	
25		«Аділ и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	
26		«Жігерген» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5	
27		«Салтанат» өндірістік кооперативі	10	
28		«Дарбаза» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	
29		«Жылга» өндірістік кооперативі	10	
30		«Жангали» шаруа қожалығы	10	
31		«Бексултан» шаруа қожалығы	10	
32		«Тегісшіл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	
33	Төлеби	«Колхоз Бірлік» өндірістік кооперативі	20	
34		«Атамекен корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	
35		«Қазығұрт» өндірістік кооперативі	60	
36	Түлкібас	«Бес Жал» өндірістік кооперативі	160	6
	Барлығы		1000	67

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2014 жылғы «9»
 қазандағы № 325 қаулысына
 2-қосымша

Элиталық тұқымның және көшеттердің әрбір түрі бойынша әрбір элиталық тұқым шаруашылығы үшін квоталар

Р/ С №	Элиталық тұқым шаруашылығы атауы	Дақыл түрі (тонна/дана)			
		I көбейтуді қоса алғанда, мақта		жеміс-жидек дақылдары	жүзім
		механикалық әдіспен тазаланған кезде	химиялық әдіспен тазаланған кезде		
1	«Кетебай» өндірістік кооперативі	160			
2	«Қайнар» шаруа қожалығы	8,6	76,4		
3	«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49			
4	«Нур-Сармат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	36			
5	«Сарыағаш жер сиы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			119 764	421 950
6	«Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			42200	167130
7	«Сарыағаш көшет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			35850	140220
8	«Нео питомник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			165450	255400
9	«Қызыл-жар» өндірістік кооперативі			48226	271670
10	«Теңге» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			142500	386450
	Барлығы	253,6	76,4	553990	1642820

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2014 жылғы «9»
 қазандағы № 325 қаулысына
 3-қосымша

Субсидиялауға жататын элиталық тұқым мен көшеттердің шекті сатылу бағалары

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің атауы	Субсидиялауға жататын элиталық тұқымдар мен көшеттердің бір тоннасын (данасын) сатудың шекті бағасы, теңге
Бірінші көбейтуді қоса алғанда мақта	105 000
Жеміс дақылдарының көшеттері	320
Жүзім көшеттері	250

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК